

- еліктеу сөздер сөзжасамының қазақ тіл білімінде зерттелмегендігі, олардың морфологиялық және сөзжасамдық статусының ашылмағандығы;
- шылауларды жеке сөз табы емес, көмекші сөздер тобында қарастыру қажеттілігі;
- қазақ тіл білімі сынын қалыптастыру қажеттілігі.

Міне, жоғарыда біз Тұрмағанбет Төлешұлы Пірімбетовтің сөзжасам мен морфологияға қатысты негізгі ой-тұжырымдарына қысқаша шолу жасап өттік. Осы шолудан байқағанымыздай, Тұрмағанбет Төлешұлы тіл білімінің морфология және сөзжасам салаларындағы түйткілді мәселелерді дер кезінде байқап, оны шешудің жолдарын ғылыми ортаға мақала ретінде ұсынып отырған. Ғалым көтерген мәселенің барлығы бүгін шешімін толық тапты деп айта алмаймыз, сондықтан да жоғарыда аталған мәселенің біразы әлі күнге дейін өзекті саналады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.
2. Пірімбетов Т.Т. Морфология және сөзжасам саласындағы кейбір терминдер жайындағы мәселелер. // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, №4 (56), 2009. Б.85-89.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
4. Пірімбетов Т.Т. Сөзжасам саласындағы туынды сөз бен туынды түбір мәселелері. // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, №2 (74), 2014. Б. 18-22.
5. Пірімбетов Т.Т., Сапарова К.О. Еліктеу сөз табының кейбір морфологиялық және сөзжасамдық мәселелері. // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, №4 (60), 2010. Б. 61-68.
6. Пірімбетов Т.Т., Ахметова А.А. Қазақ тіліндегі шылаулардың морфологиялық тұлғасы мен лексика-грамматикалық мәні. // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, №4 (80), 2015. Б. 11-15.

#### **Қалиев Бектұрсын Аманкүлұлы**

Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

[kaliev-69@mail.ru](mailto:kaliev-69@mail.ru)

#### **ДОЦЕНТ Т.Т.ПІРІМБЕТОВТІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ ЖАЙЫНДА**

Қанша уақыт өтсе де соңында қалған еңбегі ешқашан ескірмейтін, керісінше, онда айтылған ой-тұжырымы, пайымдауы зат пен құбылыстың мәнін ашуға, қыр-сырына тереңдей түсуге жол ашатын, зерделі ой салатын маңызды зерттеулерімен тұлғасы асқақтап тұратын ғалымның бірі – Тұрмағанбет Төлешұлы Пірімбетов.

Қазақ тіл білімінде лексика саласы бойынша 1980 ж. дейін арнайы тақырып ретінде зерттеле қоймаған тілдік мәселенің бірі – қарапайым сөздер табиғаты, сөйлеу тілі элементтерімен арақатынасы, қарапайым сөздердің шығу негіздері, жасалу жолдары, қарапайым сөздердің эмоционалды-экспрессивті бағалама қызметі, семантикалық топтары мен көркем мәтіндегі кейбір қолданысын алғаш рет ғылыми тұрғыдан сөз еткен, сондай-ақ морфология және сөзжасам саласының өзекті мәселесіне қатысты үнемі үн қосып отырған лингвист-ғалымның соңында қалдырған бай мұрасы мол. Оларды ғылыми-теориялық, оқу-әдістемелік, жалпы тарихи танымдық, филологиялық деп қарастыруға болады.

Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері қарапайым сөздер, қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы, қазіргі қазақ тілінің морфологиясы, сөз құрамы, туынды сөздер, Абай шығармаларының тілі мәселесіне арналған.

Жалпы қарапайым сөздердің тек қазақ тіл білімінде ғана емес, қай тілде болсын күрделі құбылыс екенін айта келе, «қарапайым элементтерді нақты бөліп көрсету үшін, оның табиғатын анықтау үшін де, алдымен, сол сөз болып отырған қайсыбір тіл болсын әдеби нормасы мен сөйлеу тілі нормасының шегарасы айқын түрде бөлінбесе, ондай тілдерде қарапайым элементтерді сенімді түрде ажыратып көрсету мүмкін емес», – дейді.

Себебі әдеби тілдің сөздік қоры үнемі сөйлеу тілі есебінен толығып отыратындықтан, тілімізде қолданылып жүрген сөздердің бір тобы сөйлеу тілі нормасы және оның бірден-бір элементі қарапайым сөздердің барын анықтау үшін, ең алдымен, осы тілдік құбылыстың қарама-қарсысында тұратын, негізгі критерий бола алатын әдеби тіл нормасының қалыптасуы шарт деп есептейді.

Қарапайым сөздерді тану, негізінен, әдеби тіл нормасымен салыстыру арқылы ажыратылатынын, мәселен, «оттама», «былыылдама», «сандалма» т.б. сөйлеу тілі элементінің бірі – қарапайым сөздер ретінде қарастырғанда, оның әдеби тіл нормасында «сөйлеме, тыныш отыр, аузыңа ие бол» секілді эквивалентінің болуымен салыстыру арқылы анықталатынын айтады.

Ғалымның зерттеуіне дейін қазақ тіл білімінде қарапайым элемент турасында бұрын жарық көрген арнайы зерттеу еңбектер (монография, кандидаттық диссертациялар немесе мақалалар) болмады. Алайда қайсыбір ғалымдар: І.Кенесбаев, Ш.Сарыбаев, М.Балақаев, Ә.Болғанбаев, Е.Жанпейісов, Ғ.Мұсабаевтың т.б. еңбектерінде осы категория жайлы айтылған бірен-саран пікір кездесетінін, аталған ғалымдардың қарапайым сөздерді әдеби нормаға жатпайтын сөйлеу тілі элементі ретінде қарастырған пікірлерін қостай келе, өз нысанын терең зерттей отырып, қарапайым сөздердің бар табиғатын ашатын тың анықтама береді [1, 162].

«Қарапайым сөз деп сөйлеу тілі элементі ретінде келіп, жалпыхалықтық сөздердің әдеби нормасына жатпайтын, таралу изоглосы (аумақтық шегі – Б.Қ.) болмайтын, басым көпшілігі тұрпайы болып келетін экспрессивті-эмоционалды реңкі бар сөздерді, сөз тіркестерін, грамматикалық тұлғаларды атау қажет. Қарапайым элементтер әдеби тіл үлгілерінде қолданғанда көбінесе стильдік қызмет атқарады» [2, 10], – дейді.

Сондай-ақ тіл маманы қарапайым сөздер ретінде танылатын тұлғалардың мынадай бірнеше белгісі болуы керектігін баса көрсетеді: 1) сөйлеу тілі элементі болуы тиіс; 2) әдеби нормадан тыс тұрған тұлғалар болуы керек; 3) әдеби варианттары болуы шарт; 4) қарапайым сөздерді жалпы халық қолданады, әрі таралу изоглосы болмайды, 5) басым көпшілігі тұрпайы, әрі экспрессивті-эмоционалды реңкі бар және бағалама (оценочность) қасиетіне ие болған сөздер; 6) стильдік мәні – бір нәрсенің бағасын төмендету, құнын түсіру, яғни төменгі (пәс) стиль дәрежесін туғызуы. Міне, осы сияқты қасиеті бар болса ғана, сөйлеу тілі элементтерін қарапайым сөз ретінде тануға болады деп санайды [2, 117].

Демек, қазір біз де доцент Т.Т.Пірімбетов атап көрсеткендей, қарапайым сөздерді сөйлеу тіліндегі басқа да тілдік элементтерінен ажыратып тануда осы критерийді басшылыққа алуымыз қажет деп есептейміз.

Ғалым ағамыз қарапайым сөздердің семантикалық мағына топтары мәселесінде де жинаған материалына сүйене келе: 1) адамға қатысты; 2) күнделікті тұрмыстық құбылысқа байланысты келетін қарапайым сөздер деп екі үлкен топқа бөліп, оларды іштей тағы да бірнеше ұсақ бөлікке жіктеп, ерекшелігін мысалмен дәлелдеп береді: 1) адамға қатысты келетін қарапайым элементтерді бірнеше топқа жіктейді:

а) адамның іс-әрекетіне («апапи-бопапи болды» – ауыз жаласты, сырлас болды; «әмпей-жәмпей» – іс-әрекеті бір, мақсаты бір адамдар; «шопалай» – істі шала істеуші т.б.);

ә) мінез-құлқына («бопалақ» – оралымсыз, икемсіз, орашалақ; «лапылдақ» – қызба, лап бергіш; «есерсоқ» – есіру, ойланбай қызбалыққа салыну, дөрекі мінез т.б.);

б) сөйлеу, пікір алысу («сандырақтау» – жөнсіз нәрсені дұрыс деу, білгіш болу; «быжылдау» – орынсыз сөйлеу, мылжыңдау; «шату» – көрінген нәрсені айту, дөрекі әрі тұрпайы сөйлеу т.б.);

в) қарым-қатынасына («шұрқ етпе» – саспа, тыныштал, «тайқию» – зыту, қашу; «әкесіне таныстыру» – күштеу, зорлау, «артына қыстырмау», «түкіргені бар» – қажет етпеу т.б.);

г) дене мүшелеріне («шойнақ», «тоқсақ» – ақсақ, «ақи», «ақи көз» – қыли көз, «тазбанша» – таз, «шошқабай», «қабандай» – семіз, «мәстек», «тәштек», «мыртық» – қортық,

«ботқа бет», «быттиған» – семіз бет, «тырық» – арық, «талтақ» – маймақ, «жырық» – тыртық ерін, «төрткөз» – көзілдірікті адам т.б.),

д) алдау, көзбояушылық жасауға (көку) – күні бұрын болжау, өтірік айту); «бөспебай» – өтірікші, «бөсу» – мақтану, лепіру, көпіру, өтірік айту, «ызғыту» – өтірікті екінші біреуге жеткізу) т.б. байланысты қолданылатын тұлғалар деп бөлсе,

ал 2) күнделікті тұрмыстық құбылысқа қатысты келетін қарапайым элементтерді а) тұрмыстық әр түрлі затқа («кәкір-шүкір» – көп зат, «бықып жатыр» – көп заттың шашылып жатуы, «гәп» – мәселе т.б.); ә) күнкөріс тіршілігіне («боқша» – заттар, «бытықы-шытықы» – ой, шытырман ой, «боқжама» – жүн-жұрқа, қолдан жасалған үй мүлкі, «жел беру» – айдап салу т.б.); б) уақыт мерзіміне т.б. қатысты қолданылатын мағынасына орай бөліп көрсетіледі [2, 121].

Сондай-ақ қарапайым сөздердің бірнеше пайда болу көзі /базасы/ бар екенін, оның ең негізгісі – сөйлеу тілі екенін анықтады. Яғни белгілі бір уақыт аралығында сөйлеу тілінде қолданылып жүрген тұлғалар тұрпайылық мағынаға ие болып, сөйлеу тілінің кейбір элементі: жаргон, вульгаризм, варваризммен бірге, ескі кітаби лексика құрамындағы сөздер де қарапайым элемент ретінде танылатын кезі болатыны мысалдармен көрсетілген.

Қарапайым сөздердің табиғатын анықтауда олардың жасалуының өнімді-өнімсіз жолын да, қарапайым элементтердің морфологиялық құрамын да, сонымен бірге әр түрлі сөз табына (зат есім, сын есім, етістік, үстеу т.б.) қатысын да қазақ тіл білімі тарихында алғаш рет ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдап, түрлі семантикалық, стильдік мағынадағы қолданыс ерекшелігін айқындап берді. Мәселен, қарапайым элементтер көркем шығармада немесе сөйлеу тілінде болсын адам эмоциясын білдіруде кекесін, мұқату, мазақ ету т.б. стильдік мақсатта қолданылады: – Ал мен командир болам, – деймін. – Болмай қал, мыртық неме! (Б.Соқпақбаев. Бастан кешкен, 129-б.) Немесе: – Жөндеп түсіндірсеңші быдықтамай! (К.Тоқаев. Соңғы соққы, 115-б.) сөйлемдеріндегі: мыртық – «қортық», быдық – «кекеш» адамның табиғи кемшілігіне байланысты кемсіту мағынасында қолданылып тұрған әрі эмоционалды қарапайым элементтер.

Тіл маманы «Қазақ тіл біліміндегі сөзжасам саласының кейбір мәселелері» деп аталатын мақаласында кейінгі уақытта морфология және сөзжасамға қатысты жазылған еңбектерде көптеген терминнің ортақтығы (әсіресе дыбысталу, айтылым жағынан) осы екі саланы бөліп қарастыруда біршама қиындық туғызып жүргеніне тоқталады. Мәселен, *түбір*, *туынды түбір*, *туынды сөз*, *түбір морфема*, *қосымша морфема*, *жұрнақ*, *жалғау* және бұған қоса күрделі сөздер түрінің атауларына қатысты терминдер кейбір еңбекте бірінің орнына бірі талғаусыз қолданылып, сөз бен сөз тіркесіне морфологиялық және сөзжасамдық талдауда бірқатар қайшылық, қиындық туғызып жүргенін айта келе, «Біздіңше, сөз құрамын морфологиялық тұрғыдан талдағанда *түбір*, *туынды түбір* деп, ал сөзжасамдық талдауда түбірді «негізгі сөз», туынды түбірді «туынды сөз» деп тұрақтандырған дұрыс» [3, 17], – деп санайды. Яғни «морфология саласындағы «негізгі түбір» терминін сөзжасамда басқа сөздердің жасалуына түпкі қазық болғандықтан, «негіз» деп қолданған ыңғайлы сияқты.

Сонда «түбір» – «негізгі сөз»; «туынды түбір» – «туынды сөз», «негізгі түбір» – «негіз» деп қолдану әңгіме қай сала тұрғысынан болып жатқанын саралап берері сөзсіз (сөзжасам тұрғысынан ба, әлде морфологиялық талдау ма деген сияқты), – деп тіл білімінің осы екі саласына қатысты «негізгі түбір» мен «негіз» деген терминнің табиғаты, атқаратын лексика-грамматикалық мағыналары ұқсас болғанымен, өзара айырым белгілері бар» [3, 18], – дейді.

«Негізгі түбір» деп отырғанымыз «негізгі морфема» яғни «түбір морфема», бұл сөз бөлшегі деген ұғымды білдіреді [4, 125]. Сонда «түбір морфема» – сөздің лексикалық мағынасын білдіретін сөз бөлшегі болғандықтан, морфемаларға жіктеу (сөз құрамына байланысты) морфологиялық талдау болып табылады.

Ал «негіз» термині – сөзжасам мәселесі болғандықтан, сол «негізден» сан түрлі сөз жасалып, сөзжасамның түрлі бірлігінің жасалуына негіз болады. Әрі «негіз» деген сөздің лексикалық мағынасы бір нәрсе жасауға тірек, фундамент деген ұғымды бере алады.

«Туынды сөз» деген жасалынған, жаңадан пайда болған дегенді білдіретіндіктен, сөзжасам саласына, яғни сөздердің жасалуы деген ұғымды, түсінікті нақтылай түскендіктен, әрі сөзжасам тұрғысынан талдану үстінде екенін білдіре алады.

Морфолог А.Ысқақовтың еңбегінде туынды түбір – туынды сөз, түбір – негіз деп қолданылғанын [4, 131] айта келе, «терминнің ортақтығы қай салаға қатысты болсын нақты түрде ғылыми талдауға келгенде қиыншылық туғызатыны анық. Мұны түзейтін, әрине, – сын. Сондықтан қазақ тіл білімі сынын қалыптастырып, жарық көріп жатқан еңбектердің жетістігі, ерекшелігі баспа бетінен орын алғандары жөн болар деген ойдамыз» [3, 18], – деген пікірін нақты мысал келтіре отырып, дәлелдейді. Бұл ғалымның ғылымға деген адалдығын, сүйіспеншілігін, ана тіліне деген жанашырлық құрметін танытса керек.

Ғалымның пайымдауынша, жоғарыда аталған терминдерді бірінің орнына бірін талғаусыз қолданбай, әрқайсысы өз саласына лайықты орын алуы тиіс. Ал «туынды сөз», «негіз» турасында да бірқатар мәселе айтуға болады. Мақаланың көлемі ол мәселені көтермейтін болғандықтан, қысқаша ғана тоқталып өттік.

Доцент Т.Т.Пірімбетов 2016 жылы Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетеу мемлекеттік университеті «Хабаршысының» №1 санында жарияланған «Қазақ тіліндегі шылау сөз табының тілдік ерекшеліктері» деп аталатын мақаласында қазақ тіл білімінде шылау сөздер ХХ ғасырдың 60-70-жылдарына дейін біршама зерттелгенімен, қазіргі қазақ грамматикасында көптеген жаңа көзқарас, нәтижелі зерттеулер жүргізіле бастағанын сөз етеді.

Грамматикадағы соңғы ғылыми зерттеулер жетістігіне сәйкес бұл сөздер жеке сөз табы ретінде танылуға мүмкіндік алғанымен, шылау сөздерді қайта қарастыру, біршама өзгеріс енгізу қажеттігі туындап отырғанын, сондықтан да қазіргі жағдайда шылау сөздердің өзіндік қыры мен сыры толық ашылмаған күрделі сөз табы екенін тілші ғалымдар мойындап жүргенін айтады. Мәселен, А.Ысқақов, К.Аханов, Н.Оралбаева, С.Исаев т.б. еңбектерінде шылаулардың негізгі қызметі, жалпы сипаты берілгенімен, аталған еңбектерде әрбір шылау түрі арнайы тақырып ретінде зерттелмегенін, бұл жағдай шылаулардың грамматикалық ерекшелігінің, өзіндік белгісі мен қолданыстағы мәнінің толық ашылмауына, нақтыланбауына себеп болғанын баса айтады [3, 103]. Бұл да ғалымның бүгінге дейін шылаулардың шешілмей келе жатқан мәселесіне қатысты немқұрайды қарай алмайтынын дәлелдейді.

Тарихына қатысты: «Шылау сөздер – даму барысында көптеген ғасыр бойғы тілдік процесті басынан кешірген туынды тарихи категория. Себебі қазіргі түркі тілдеріндегі кейбір шылау сөздің құрамындағы аффикстер шығу тегі жағынан сөздің түбірінен ажыратып алуға келмейтін дәрежеге жеткен, түбірге сіңісіп бір тұтас бөлінбейтін бөлшек болып кеткен. Осындай түбір мен қосымшаның жымдасуынан, яғни транспозициялық тәсілдің нәтижесінде шылаулар қалыптасқан. Тарихи шығу төркіні жағынан шылау сөздердің бәрі дерлік атауыш сөздерден, демек, әуелдегі дербес мағыналы есімдерден, етістік формаларынан шыққан. Бұл процесс тілдің белгілі бір даму тарихында кейбір есім, етістік формаларынан бастапқы лексикалық мағыналары бірте-бірте қолданыста солғындап, әр алуан грамматикалық мағыналарға ие болуының нәтижесінде қалыптасады» [3, 105], – деп шылаулардың шығу төркінін, қалыптасу жолын ғылыми негізде түсіндіріп береді.

Жалпы қазақ тіл білімінде шылаулар, олардың түрлері, тілдегі қызметі, алатын орны деген мәселеде қайта қарастыратын тұстары жеткілікті екенін айта келе, алдағы уақытта зерттеуді қажет ететін мынадай мәселені атап көрсетеді:

1) шылаудың зерттелу тарихына қатысты, яғни соңғы кезге дейін руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі шылау сөздердің арнайы ғылыми зерттеу нысанына алынбауы [3, 105];

2) «лингвистикада шылау сөз табы атауыш сөздерден кейін қалыптасқан деген пікір орын алған. Алайда бұл жалпы тілдерге ортақ пікір ме, әлде жекелеген тілдерге қатысты ма деген мәселені әлі де тереңірек зерттеу»;

3) «демеулік шылаудың тіркесетін сөз таптары, тіркесу ерекшелігі толық танылған жоқ. Демеулік шылаулар жеке зерттеу нысаны болған жоқ, қазіргі қазақ тіл білімінің даму дәрежесіне сай демеулік шылаулардың мәселесін әлі де болса жан-жақты қарастыру».

Сонымен, қазақ тіл білімінде белгілі бір сөздер тобын сөз табының бір түріне жатады деу үшін кемінде бірнеше қасиеті болуы ғылыми айналыста әбден тұрақталған десек, доцент Т.Пірімбетов: «Қазақ тіл біліміндегі шылаулардың осындай қасиетіне байланысты мынадай түйінді қорытынды жасауға болады дейді:

– қазақ тіліндегі шылау сөз табына жататын сөздер тобының дербес лексикалық мағынасы болмайды;

– шылаулар қазақ тіл білімінде жеке сөйлем мүшесі қызметін атқара алмайды;

– шылаулар лексикалық мағынасының болмауынан немесе өте әлсіз болуына байланысты жеке қолданылмайды;

– шылаулар қазақ тіл білімінде грамматикалық тұрғыдан түрленбейді;

– шылаулар жеке болсын немесе сөйлем құрамында келсін белгілі бір нақты сұраққа жауап бермегендіктен, олар тек қана дәнекер грамматикалық көмекші қызмет атқара алады. Сол себепті осы тілдік заңдылықты ескеріп, қазақ тіл біліміндегі қазіргі грамматиканың соңғы жаңа бағыттағы зерттеу заңдылығына сәйкес шылауларды дербес сөз табы қатарынан шығарып, оларды грамматикалық мағына үстейтін көмекші сөздер деп тану дұрыс болады деген пікірдеміз» [3, 106], – дей келе, тіл маманы мақаласын: «Әрине, қазақ тіл біліміндегі шылаулар туралы бұл алғашқы қорытынды тұжырымның ғалымдар тарапынан қызу пікірталас туғызатынына және қаншалықты шындыққа жанасымды екенін уақыт еншісіне қалдырамыз» [3, 106], – деп аяқтайды.

Содан бері тіл мамандарының шылау сөздерді оқыту әдістемесіне байланысты жазылған бірлі-жарым мақаласы болмаса, сөз табы қатарынан шығарып, көмекші сөздер тобына қосу қажет деген пікірді байқамадық. Бұл көптеген тілші ғалымның шылаулардың грамматикалық табиғатын айқындай түсуге тісі бата бермейтінінен және сөз табы ретінде әбден орнығып қалған категорияны бұзуға дәті бармайтынынан болса керек.

Сөзімізді қысқаша қорытындыласақ, зерделі ғалымның ғылыми еңбектерін тағы бір мәрте шола отырып, тіл маманының қозғалатын мәселенің әбден байыбына барып, оң-солын таразылап, салмақты шешім қабылдайтынын, көтерілген мәселенің мәнісіне терең бойлап, туындаған сұрақтарды ғылыми тұрғыдан сараптаудан өткізіп барып, тұшымды жауап қататынын бағамдадық.

Доцент Т.Т.Пірімбетовтің қазақ тіл білімі саласындағы зерттеу еңбегінің барлығы дерлік – тіл ғылымында және студент, магистрант, докторанттар арасында үлкен сұранысқа ие. Мәселен, ғалым қазақ тілі сөзжасамының қызықты да күрделі категория екенін, сөзжасамды тіл білімінің бір саласы деп тануда оның тұлғалық-құрамдық жағынан емес, семантикалық тұрғысынан қарау керектігін көпшілік алдына жайып салады. Қазақ тілі лексикасын сөз таптарына жіктеуде де тың, соны пікір білдіруі лингвистер ортасында қызу талқылау (резонанс) тудырды. Сөздерді сөз таптарына қарай бөлуде қандай мәселелерді басшылыққа алу керек, қандай негізгі критерийге сүйену қажет деген мәселе де қазіргі ғылыми басылымдарда арақидік айтылып жүр.

Сөз соңында бірнеше ұсыныс айтқымыз келеді:

– ғалым ағамыз диссертациясын орыс тілінде жазғандықтан, еңбекті қазақ тіліне қайта аудару барысында, сондай-ақ кітапты ықшамдап шығару талабы қойылғандықтан ба екен, 2011 жылы шыққан «Қазақ тілінің сөйлеу тілі элементтері (қарапайым сөздер)» монографиясына көптеген мәселе енбей қалған. Сондықтан да тіл маманы Т.Т.Пірімбетовтің болашақта, алда болатын басқа да мерейтойлық конференциясына орай, осы монографияны толықтырып, көлемді етіп жариялау;

– ғалымның жинаған материалдары негізінде қазақ тіліндегі қарапайым сөздер сөздігін шығару;

- білім алушыларға ғалымның тілдік мұрасына қатысты курс, диплом жұмыстарын қорғау;

- жеке кітапханасындағы әлі де жарияланбаған қолжазбаларын жинақтап, сондай-ақ тіл білімінің өзекті мәселесіне арнаған мақалаларын топтастырып, жеке кітап, яғни жинақ етіп шығарса, студенттердің қажетті материалын әр жылдары жарық көрген конференция, журнал жинақтарынан емес, бір жерден оңай тауып алуына қолайлы болар еді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қалиев Ғ. Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Дәуір, 2003. – 242 б.
2. Пірімбетов Т.Т. Қазақ тілінің сөйлеу тілі элементтері (қарапайым сөздер). Монография. – Қарағанды: Қарму баспасы, 2011. – 156 б.
3. Пірімбетов Т.Т., Мажитаева Ш., Ахметова А. Қазақ тіліндегі шылау сөз табының тілдік ерекшеліктері //Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетеу мемлекеттік университеті «Хабаршысы», «Филология» сериясы, №1, 2016. – Б. 103-108.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.

**Баймұрынов Жанболат Мақсатұлы**  
«Bolashaq» академиясының доценті, ф.ғ.к.  
**Тұралықова Әсемгүл Теңдікқызы**  
«№53 МЛ» КММ мұғалімі

#### «ДА» ШЫЛАУЫНЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ (Т.Пірімбетов мақаласы негізінде)

Грамматика жөніндегі түйткілді кей мәселенің жекелеген автордың дербес зерттеуінде көтеріліп, тіпті шешімі көрсетіліп жататыны бар. Осындай мәселенің бірі – да шылауының грамматикалық қызметі.

Бір қарағанда, әлдеқашан зерттелген, грамматикалық қызметі айқындалған десек те, грамматика теориясында бір қалыпқа сыймайтын, белгілі бір орныққан жүйе арқылы түсіндіруге келмейтін жағдайлары кездесіп жатады. Мұның өзі, түптеп келгенде, қазақ тіл білімі грамматикасының нормативті деңгейде әлі де орнығып болмағанын аңғартса керек.

Аталған шылаудың әдетте әрі жалғаулық, әрі демеулік қызметінде жұмсалатыны мәлім. Дегенмен қандай жағдайда жалғаулық не демеулік болатыны жөнінде шекарасын нақтылай сипаттайтын пікір аз. Мұның себебі, біздіңше, осы да шылауының тіл дамуындағы қалыптасу тарихымен байланысты.

Тіліміздегі кей шылаудың етістіктен адвербиалдану арқылы үстеуге, онан конъюнктивтену арқылы шылауға айналғаны белгілі. Осындай шылаулар қатарында **және**, **тағы** тұлғалары бар. Қараңыз:

Жан (*етістік*) → және (*үстеу*) → және (*демеулік*) → және (*жалғаулық*).

Тақ (*етістік*) → тағы (*үстеу*) → тағы (*демеулік*) → та (*демеулік*) → та (*жалғаулық*).

Дамудың осы эволюциясына сүйенсек, қазіргі кей шылаудың жалғаулықтық қызметі демеуліктен басталады. Бұл жөнінде этимологиялық және тарихи грамматика зерттеулерінің нәтижесінен аян болып отыр. Осы орайда, жоғарыдағы сызбадан байқап отырғанымыздай, та шылауының **тағы** сөзінен қалыптасқаны жайлы да пікір бар: «*Тағы* сөзімен *де* демеулігінің бірдей қызметте жұмсалғанын тілдік деректер дәлелдей түсетіндей. Салыстыр.: *Ул (ит) тақы бірла кірді* (ол ит те бірге кірді)» [1; 307].

Қалай дегенде де, да шылауының әрі демеулік, әрі жалғаулық болуы, қазіргі грамматика теорияларында кейде ара-жігінің айқындалмай кетуі бұл тұлғаның ортақ генезистен қалыптасқанына күмән келтірмейді.